**Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 255 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2400. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 170 Бұйрығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2008.04.23* N 170 *Бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 68-бабының 11-тармағын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігінің
Құрылыс істері жөніндегі
комитеті
Төрағасының міндетін
атқарушысының
2003 жылғы 30 маусымдағы
N 255 бұйрығымен
бекітілген

**Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты ресімдеуге қажетті құжаттардың ТІЗІМІ**

1. Белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша).

2. Жер телімін құрылысқа беру туралы аудандық (қалалық) атқарушы органдардың шешімі.

3. Құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат алуға арналған белгіленген нысанда бекітілген жоба (нобайлық жоба) немесе сараптаманың оң қорытындысы бар жобаның жекелеген бөлімдері.

4. Құрылыс-монтаж жұмыстары түрлерінің тізбесі бар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыруға құқығына мемлекеттік лицензия.

5. Қалалық (аудандық) инженерлік қызметпен келісілген құрылыстың бас жоспары.

6. Учаскеде бұзылатын қоныстар болған кезде тұрғын үйлер мен басқа да қоныстарды бұзғандығы туралы анықтама (қажет болған жағдайларда).

7. Жобаны әзірлеушінің авторлық қадағалауды жүзеге асыруы және құрылыс процесін технологиялық сүйемелдеу үшін жобалау ұйымдарымен жасасқан шарты.

8. Бас мердігердің және тапсырысшының атынан жауапты тұлғаның белгіленген нысандағы қолхаты (2, 3-қосымшалар).

9. "Сейсмикаға төзімді құрылыс" және "Құрылыстағы геодезия" курстары бойынша қолданыстағы куәліктерінің болуы (қажет болған жағдайларда).

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігінің
Құрылыс істері жөніндегі
комитеті
Төрағасының міндетін
атқарушысының
2003 жылғы 30 маусымдағы
N 255 бұйрығымен
бекітілген
Құрылыс-монтаж жұмыстарын
жүргізуге арналған рұқсатты
алуға қажетті құжаттардың
тізбесіне
1-қосымша

**ӨТІНІШ**

Бас мемлекеттік құрылыс инспекторынан ________________________________

___________________________________________________________________

(облыс, қала, аты-жөні)

Тапсырысшы (Құрылыс салушы) ________________________________________

______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және телефоны, заңды тұлғаның, ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)

______________________________________________________________________

(объектінің мақсаты, мекен-жайы)
объектінің құрылысы бойынша ________________________________________

______________________________________________________________________

(құрылысты бастауға, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу) рұқсатты ресімдеуді сұрайды.
Мердігер ____________________________________________________________

(ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)
Жобалау-сметалық құжаттаманы ________________________________________
____________________________________________________________ бекітті.

(кім, қашан)
Тапсырысшының техникалық функцияларын жүзеге асыру ________________
________________________________________________________ жүктеледі.

(тегі, аты, әкесінің аты)
Жоба авторын инженерлік сүйемелдеу _________________________________
________________________________________________________ жүктеледі.

(тегі, аты, әкесінің аты)
Құрылыс процесін технологиялық сүйемелдеуді _______________________
___________________________________________________ жүзеге асырады.

(ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)
Құрылыс 200_ жылғы "__" __________ басталды.
Пайдалануға беру мерзімі 200_ жылы "____"_________
Құрылыстың сметалық құны ______________________________________
Қаржыландыру көздері ________________________________________
М.О. ____________________________________________

(Басшының тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс істері жөніндегі комитеті
Төрағасының міндетін атқарушысының
2003 жылғы 30 маусымдағы
N 255 бұйрығымен

б е к і т і л г е н
Құрылыс-монтаж жұмыстарын
жүргізуге арналған рұқсатты
алуға қажетті құжаттардың
т і з б е с і н е
2-қосымша

**Бас мердігердің атынан құрылысқа жауапты адамның ҚОЛХАТЫ**

Мен ______________________________________________________________
______________________________________________________________
(лауазымы, ұйымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты) мынадай қолхат беремін:

1. ______________________________________________________________
______________________________________________________________
(оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы) бойынша маған берілген құқықтың негізінде объектіні салған кезде
______________________________________________________________
______________________________________________________________
(объектінің атауы, мекен-жайы)
құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізгенім үшін өзіме жауапкершілікті қабылдаймын.

2. Құрылыс нормаларын, құрылыс заңнамасының талаптарын және жобаның талаптарын бұзғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жауапкершілікте боламын.

3. Осы қолхатты алдын ала үзбей жұмысты қалдырмауға міндеттеме қабылдаймын, қолхатты басқа адамның атына ресімдегенге дейін осы объектінің құрылысы үшін жауапкершілік өзімде қалады.

4. "Сейсмикаға төзімді құрылыс" және "Құрылыстағы геодезия" курстары бойынша оқыдым және олар бойынша қолданыстағы куәліктерім бар
______________________________________________________________
(куәліктің нөмірі, кім берген немесе мерзімі ұзартылған)

5. Қызметінің мекен-жайы, телефоны ______________________________
______________________________
(жеке қолы)

Мәліметтерді және қолымды куәландырамын ______________________________
(қолхат беруші басшының тегі, аты, әкесінің аты)

*М.О.* *қолы*

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті Төрағасының міндетін атқарушысының 2003 жылғы 30 маусымдағы N 255 бұйрығымен бекітілген Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесіне
3-қосымша

**Тапсырысшының техникалық функцияларын жүзеге асыратын жауапты адамның ҚОЛХАТЫ**

Мен ______________________________________________
(лауазымы, ұйымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты)
____________________________________________________
(оқу орнының атауы)
бойынша маған ____ жылы "____" ___________ N ____________ берілген
____________________________________________________
(диплом, куәлік немесе жеке куәлік)
негізінде куәмін және объектіні салған кезде ______________________
____________________________________________________
(объектінің атауы, мекен-жайы)
____________________________________________________
(құрылыс салушы ұйымның атауы)
200_ жылғы "___" _________ N _________ орындау үшін тапсырысшының техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыруды өзіме қабылдаймын. Объектінің құрылысы және жұмыстардың нормативтік сапасы үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, мыналарға міндеттімін:

1. Мемсәулетқұрылысинспекциясының тиісті шешімінсіз объектіде жұмыстар жүргізуге рұқсат бермеймін.
2. Құрылыс нормаларынан және бекітілген жобадан шегініс жасауға рұқсат бермеймін.
3. Сапасыз материалдарды, бұйымдар мен құрастырмаларды қолдануға рұқсат

бермеймін.
4. Сапасыз орындалған құрылыс жұмыстарының көлемін қабылдамаймын.
5. Өндіріс жұмыстары мен құрылыс заңнамасының техникалық талаптарын бұзғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жауапкершілікте боламын.
Құрылыстағы жалпы жұмыс өтілі ________ жыл.
Қызметінің мекен-жайы, телефоны ________________________________
Үйінің мекен-жайы, телефоны ____________________________________

______________

(жеке қолы)

Мәліметтерді және қолымды куәландырамын _________________________

(қолхат беруші басшының аты-жөні)

*М.О.* *қолы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК